



КЕРДЕРІ ӘБЧБӘКІР  
**ҚАЗАҒЫМ**








**КЕРДЕРІ ӘБҮБӘКІР**  
**ҚАЗАҒЫМ**

Өлең, толғаулар, айтыс, жырлар



АЛМАТЫ  
«ЖАЗУШЫ»  
1993

ББК 84 Қаз7-5  
К 32

Алғы сөз, түсініктерін жазып, баспаға әзірлеген  
филология ғылымының кандидаты Қабиболла Сыдықов

Құрастырған жыршы — ұстаз  
Бактыгерей (Ордабай) Сандыбайұл

Редакторы Тортай Сәдуақасов

Кітаптың демеушісі — Құдайберген Жұбанов атындағы  
Ақтөбе педагогикалық институты.

ISBN 5-605-01453-6

© «Жазушы» баспасы, 1993

## ТЫНДАҒАН АЗАМАТҚА СӨЗІМ ДӘРІ

Қазақ жеріне шығармалары ең көп тараған ақындардың бірі — Кердегі Әбубәкір. Ақын туған елі ғана емес, зияллылар, көзіқаралты хат танитындары бар, қазақ тілін түсінетін қырызы, қарақалпак, түркімен, өзбек, ұйғыр, татар, башқұрт арасында да мәлім болған. Онын бірнеше себебі бар. Әбубәкір шығармалары 1902, 1905 жылдары Қазан қаласында екі дүркін жарияланды. Бірак, бұл ақын шығармалары кен таралуының басты себебі емес. Мәселен, Қазан, Уфа, Орынбор қалаларынан өлең, толғауларын жариялаган ақын тек Әбубәкір ме? Олардың ішінде біреу біліп, біреу білмейтіні аз ба?

Қазақ жырларының акпа-төкле ақындық дәстүрінен, әрі шығыс елдерінің жазба әдебиет жәдігірліктерінен өнеге алған Әбубәкір шығармалары дін, инабаттылық мәселелерін насиҳаттауымен, әрі сол уағыздарын ақындық шабытпен еркін, келісті, қисынды жеткізуімен халық жүргегіне жол тапқан еді. Демек, осы жайлар Әбубәкір атын Қазақстан, Орта Азия аймағына мәшінр етті.

Көптеген өңірге XX ғасырдың бас кезінде-ақ танымал болған Әбубәкір ақын қайта құру дәүріне дейін Шортанбай, Дулат, Мұраттармен бірге өткен заманды, ескіні жоктаушы зарлауық ақындар атанды, шығармалары уақыт ыңғайына қарай бағаланды, орынды, орынсыз сынға ұшырады.

Кеңес жылдарында Әбубәкірдің өмірі мен ақындығы туралы Қазақстан Республикасы академиясының орталық ғылыми кітапханасы мен М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының колжазба корларына бірқатар деректер жинақталды.

Әбубәкір туралы М. Әуезов, Б. Қенжебаев, Ы. Дүйсенбаев, М. Жармұхамедов сияқтығыныңда мақала, зерттеулер жазды. Ақынның кейбір шығармалары «Айттыс» (1965), «Үш ғасыр жырлайды» (1965), «Бес ғасыр жырлайды» (1989) жинақтарында, «Әдебиет майданы» (1935, № 10—11), «Әлем» (1991, № 1), «Жұлдыз» (1991, № 5) журналдарында жарияланды, 1990—1992 жылдарда «Қазақ әдебиеті», «Ақтөбе», «Атамекен» (Атырау), «Жұмысшы» т. б. республикалық, облыстық, аудандық газеттерде жарық көрді.

\* \* \*

Әбубәкірдің өмір жолына қатысты деректер республика академиясы кітапханасы мен Әдебиет және өнер институты қолжазбалар қорында кездеседі.

Аталған деректерге сүйенсек, Әбубәкірдің шыққан тегі — Кіші жүздегі Жетіру, оның Кердері тайпасы. Одан бергі атапары Қетермен, одан Таран. Оның әүлеті Айтқұл, одан Боранқұл туады. Әбубәкір осы Боранқұлдың баласы.

Әбубәкірдің ата қонысы Жайық бойындағы Теректі деген жер. XIX ғасырдың екінші жартысында патша өкіметі әкелген қоныс аударушылар мен Кердерілер арасында жер, су жағдайында әртүрлі дау-жанжалдар туады. Жергілікті патша әкімдерінің зорлық-зомбылығына үшыраған Боранқұлдар бағзы қонысын тастап, Ақтөбе маңындағы Сарықобданы мекен еткен Кердерілерге көшіп келеді.

Әбубәкірдің баласы Таран тұқымынан әнші, домбырашы өнерпаздар көп шығыпты. Сол себепті ел аузында «Таран таранып тойға бармаса, той той болмайды» деген сөз қалса кепрек. Атасы Айтқұл батыр атаныпты. Өз әкесі Боранқұл—сауықшыл, өнерлі, ағаштан түйін түйетін шебер адам болады. Үнемі қолөнерімен айналасып, ер шауып, тыным таппай отыратындықтан женгелерінің айтуымен «Шоқан» атасын кетеді. Шоқаның (Боранқұлдың) әйелі Жансұлу атапарында да ақындық, шешендік дарыған адамдар аз болмаған. Осындай ата дәстүрімен, ана сүтімен дарыған ақындық, шешендік өнер

Шоқаның Әбубәкір, Омар, Мерғали атты үлдары мен Үлбінеке Дәркем атты қыздарының ішінде, әсіресе, Әбубәкірге қонса керек.

Әбубәкір жас кезінде тентек, сайдымазақ, ойыншыл болыпты. Әуелі ауыл молласынан сабақ алады. Оқуға алғыры, зейінді бала кейін Орынбор, Тройцкі қалаларындағы мектеп, медреселерді бітіреді. Тұзтөбе, Орал, Ақтөбе, Орск, Орынбор маңындағы елдерде бала оқытады, діл-шарнғат жолын үстайды.

Сауатты, сергек, шешен, ақындық өнерді ардак тұтатын Әбубәкір біраз жыл ел әкімдерінің қасында жүріп, хатшылық қызметтер атқарады. Сол жылдарда Орынбор, Орск, Орал, Ақтөбе қалаларындағы, Карапамыс, Қекжар жәрменекелеріндегі бай саудагерлермен де, әр елдің атқамашер әкімдерімен де, айтулы азаматтарымен де таныс болған патша өкіметінің жергілікті әкімдерін де көре жүрген.

Бірақ, Әбубәкірдің бұл дәурені үзакқа созылмайды. Ол жиырма жеті жасынан тіл-көзге шалдырып, көп жыл ауырып, Карапамыс базарында «көзі тік, түсі сұрқыл, тілі қатты» Ахмет, Арыққұл деген кісілерден секем алған екен. Сөйтіп, сол сырқат-дерттен дүние салады, Зираты Ақтөбе облысының Алға ауданында.

Әбубәкірдің әмір тұралы айтқанда күні бүгінге дейін басы ашылмай жүрген бір мәселе бар. Ол — ақынның туған, өлген жылдарының әртүрлі жазылуы. М. Әуезов, М. Жолдыбайұлы, Ә. Коңыратбаевтармен бірігіп жазып, 1933 жылы жариялаган «XIX ғасыр мен XIX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің оку кітабындағы» «Әбубәкір» аталатын зерттеуінде «...жасы 60 шамасына келгенде XX ғасырдың басында қайтыс болады» дейді. Ал, Б. Қенжебаев «қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары» (1958) деген енбегінде Әбубәкір 1856—1912 жылдарда әмір сүрген деп көрсетеді. Жазушы F. Ахметов 1991 жылы «Жұлдыз» журналында (№ 5) жарияланған «Кердери Әбубәкір ақын хақында» атты мақаласында Шора Жекейұлы деректеріне сүйеніп, 1861—1905 жылдарды атайды. М. Жармұхамедов «Қазақстан республикасы академиясының хабарларындағы» (1991, № 2) «Әбубәкір (Кердери)

Шоқанұлы» атты зерттеуінде, «Бес ғасыр жырлайды» (1989) жинағында Ақтөбе облыстық, аудандық газеттеріндегі материалдардың қай-қайсында да F. Ахмедов дерегін негізге алады. Жыршы Б. Сандыбаев Құрманалин Жұмаш айтуы бойынша Әбубекір өмір кешкен кез 1861—1913 жылдар болуы керек деген жорамал айтады («Қазақ әдебиеті», 31 мамыр, 1991).

Республика академиясы кітапханасының колжазбалар көрніда, 1299-бумада тағы да екі дерек сақталған. Бірі — 1939 жылы тапсырылған. Онда ақын 1840—50 жылдарда туып, 1898 жылы дүние салған деп көрсетілген. Екіншісін — 1945 жылы Сейтқали Сейсенов тапсырган. Бұл жазбада ақын 1858—1903 жылдарда өмір сүрген делінеді.

Аталған сан-сапат деректердің екеуіне ғана тоқтауды жөн көреміз. Бірі — Сейтқали Сейсенов жазбасы. Екіншісі — Фалым Ахметов дерегі. Екеуі де Әбубекірді көрген, накты біле-тін адамдардан жазылған.

С. Сейсенов өз деректерін Әбубекірдің туған қарындасты Дәркемнің айтуынан жазған. Дәркем 1882 жылы туып, 1945 жылы алпыс үш жасында өлген. Ол: «Әбубекір 1858 жылы туған. Оралдан Ақтөбенің Сарықобдастына көшіп келгенде екі жасында екен. Ұзак аурудан қырық бес жасында, мен жиырма бір жасқа толғанда — 1903 жылы, күздің күні қайтыс болды», — дейді.

Ал, F. Ахметов Әбубекірді көрген сексен жастағы Шора Жәкейұлының «1905 жылы қарындастымы ұзатып жатқанымызда ақынның қайтыс болғаны туралы хабар келді» дегенін негізге алады және өлеңдеріндегі «Жасым бар жиырма жеті, жылым — тауық» деуіне орай, ақынды 1861 жылы туған деп топшылайды.

Осы екі деректің біреуінде ақын 45 жаста, екіншісінде 44 жаста дүние салған. Туған, өлген жылдарының да арасы онша алшақ емес. Келешектегі міндет — осы екі деректің қайсысы дүрыс, соны анықтау.

Қарындасты Дәркем айтуынша Әбубекір Зейнеп атты алғашқы әйелінен Мұстапа, Сала есімді екі бала көреді. Зейнеп

өлгенин кейін Шонтыұлы Құлбатыр дейтін азамат қыз алып беріп, қамқорлық жасайды, үйінің берекесі қайта кіреді.

Әбубәкір өлең, толғауды ауызша және жазып та шығарды екен. Жыр айтқанда домбыра қолданбаған.

Нұрлыбай Тәжімбетов «Ақтөбе» газетінде жарияланған (14 қараша, 1991) «Алтының сынығы» аталатын макаласында темірлік Әбдірахман Қисыков қарияны естелігін көлтіреді. Ә. Қисыков: «Бала кезімде Әбубәкірді көрдім. Оның атын суарып, ауылға келгенде жырын тыңдадым. Шүнгіл көз, ұзын бойлы, сәл еңкіштеу келген арық кісі еді», — деген. Ал, Ф. Ахмедов аталған макаласында Шора аксақалдың айтуынша Әбубәкір бидай өнді, қой көзді, шоқша сақалды, бойшаш, қапсарай адам болыпты. Жай сөзінің өзі үйқасып, құйылып отырады екен дейді. Міне, мұның өзі көп жылдар өтіп көзкөргендер сиреп, ұмытыла бастаған ақын бейнесін елестетуге көмектесері сезсіз.

\* \* \*

Әбубәкір Казақстаниң Сарыарқа, Оңтүстік Һем Батыс өңіріндегі өзінсі дейінгі ақындарын жақсы білген. Өзі шыккан Жетіру елінде де Марабай бастаған Сабыр, Жібек қызы сияқты айтулы ақындар болған. Сол дәстүрді Әбубәкір, одан кейінгі дәуірде Кердірі Күдайберген жырау жалғастырган.

Әбубәкірдің өлеңді қай кезден, пеше жасынан шығарғаны мәлім емес. Табиғатынан өнершіл Әбубәкір өлеңді жас кезінен, бала оқытып, молда болып жүрген шарынан бастаса керек. Себебі, шаригат жолын, имандылық, ізгілікке үндеу қуйінде келетін уағыз, насиҳаттарын «бала молда» атасып жүріп те айтуы мүмкін. Ал, ауылнай, болыстарға хатшы болған кезең ақынның шабытты, көңілді, өлең, жырды өнік жазған жылдары болуы керек. Ауру, сырқатқа үшыраған кездерде де ақын кол кусырын қарап отырмаған.

Әбубәкір шығармалары құрамында өлең, толғаулар, хатолендер, арнаулар, айтыстар, шежіре-жырлар кездеседі. Ел

аузында жүрген бірқатар ақыл, нақылдары мен шешендік сөздері, уытты әзіл, оспактары да бар.

Әбубекір өлең, толғауларында заман, адам, дін, өнер, ғылым, әдет-тұрып имандылық мінез-дағды туралы тебіренеді, дәүір бағдарын байқап, халқымыздың бағзы тұрмыс-тіршілігі мен сол кездегі хал-жағдайын жырлайды.

Ақын өлең, толғауларының қайсысы қай жылдарда шығынғандыры мәлім емес. Бұл сипат кеңес дәүіріне дейінгі көптеген ақындарға тән. Ал, осы жағдай ақын көзқарасының өсу, қалыптасу жолдарын аңғаруға қындық туғызары аян.

Әбубекірді зерттеген М. Әуезов, Б. Қенжебаев, ІІ. Дүйсенбаев сияқты көрнекті ғалымдар ақынға уақыт талабына сай баға беруге мәжбүр болды. Алайда, олар Әбубекір ақындығының кейбір сырларын байқап-байыптаі да алды. Аталған ғалымдар Әбубекірдің ақ патшаны дәрілтеп, онан жәрдем дәметуін, енді бір өлеңдерінде заманға, патша өкіметі жасаған өзгерістерге наразылық білдіруін дұрыс байқайды: «...заманың ауыртпалығын, соған наразылығын айта отырып, «патшадан жәрдем болмаса» дегенді айта кетеді. Бұл жері екі ұшты. «Патшасы» құдай болуға лайық, бірақ Әбубекір осы сөзді әдейі алады. Бір жағынан түсіндағы әмірші «патшасын» айта кетуден де жат емес»,— дейді М. Әуезов. Ал, Б. Қенжебаев айттыныша: «Әбубекір патша өкіметі қазақ халқына кендік берді, казір қазактың жерін, елін қазактың өз би, болыстары, тілмаштары билеп тұр, патша өкіметі қазақ арасынан мектеп, медресе ашты, қазақ балаларының оқып, білім алуына, ғылым, өнер үйренуіне жағдай жасады, патша әділ, ол ел ішіндегі жолсыздықты тыйды, патша өкіметі өнерін асырып, отарба, түрлі машина шығарды, қазақ соны пайдаланып, дәүлетті, мәдениетті ел болып отыр дейді». Сондай-ак, «Әбубекір бір жағы ақ патшаны тірек тұтыл дәрілтесе, сонымен қатар қазақ аулының тұрмысына қажетті бүйімдардың бәрі Россиядан келіп жатқандығын... көрмекше шарасы жоқ»,— дейді ІІ. Дүйсенбаев.

Әбубекірдің патша өкіметінің өмірдің барлық саласында өз дегенін жасап, жойып, жайпап келе жатқан отарлаушылық

әрекетін сезінбеуі қалай? Өзі кейін байқап, наразы болатын патша өкіметіне ілкіде неге іші-бауыры елжірей қалды? Мұны оқушы жүртшылыққа ашып айтып, дұрыс бағдар беруіміз керек.

Әбубекірдің патшаны дәріптеп, оның тілегін тілейтін кезі «белгілі халық үстінде жақсылармен бір жүріп, тізгін туýіп, қылдым сапар» деп өзі айтқандай, атқамінерлер мен әкім қаралардың қасында болған жылдар. М. Әуезов айтқандай «өзі шыққан жері аласа болса да, үстем таптың тобына кіріп, соның көніл ашар думаны болған» дәүірі. Ол заманда ел билеушілерге Махамбет сияқты қасқая қарсы шығу кез келген ақынның колынан келе бермеген. Сейтіп, Әбубекір солардың ығымен, ыңғайымен сейледен. Патша өкіметінің ел ішіндегі кейір езгерістерін жақсылық нышаны деп ұғынған.

Ал, атқамінерлерден арасы ажырап, өзі ауруға шалдығып, заман халіне ойлы көзben қараған шағында ақын дәүір дертін айқын, анық суреттеуге ойысады. Бұрынғы жақсылық, жаңалық, патша рахымы деп үққандарының бәрі алдамшы елес екенін сезінеді. Бұл ІІ. Дүйсенбаев айтқандай ақын көзқарасының өзгеруі, өсуі екені даусызы.

Әбубекірдің патша өкіметінің отарлаушылық саясатын сезіне білмеуі мүмкін емес еді. Патша озбырлығының айқын көрінісі — өз әкесі Боранқұл мен оның туыстарының Жайық бойындағы бағзы қонысынан айрылып, Ақтөбе маңына көшіп келуі. Тек бұл ғана емес, бүкіл қазак елінің бірқатар ауылдарының ата қонысынан ажырап, жері тартылып, малы азайып, дәүлеті сарқылып, дәүірінің дәстүр- заны бұзылып, адамының пігілі өзгеруі Әбубекір дәүірінде болды.

Патша өкіметінің қазак елінің қарын жаздырмай, барлық әлуметтік өміріне, тұрмыс-тіршілігіне, әдет-ғұрпына кеулеп еніл бара жатқан зиянды жаңалықтарын ақын тап басып, дәл көрсете алған.

...Орысша білім білмесен,  
Еш пайдага аспай тұр  
Мұсылманша молланыз.  
...Қараның ұлы хан болды,  
Құлдан туған паң болды.

Ақын бұл жерде көненің күні етіп, орнына жағаның келетін заңдылығын айта отырып, сол дәуірдегі өмір шындығын шынайы суреттейді.

...Аруақты ердің туқымы  
Дүшпанымен дос болды.  
Балдағы алтын құрыш болат  
Балалар ойнар тас болды.  
...Атана билеп ұл кетті,  
Кожаны билеп құл кетті.

Міне, бұл жолдар өмірдің өзгеріп, әдет-дағдының бұзылуын, заманның азуын аңғартады. Ақынды әділ, тура биліктің құны кетіп, әділет, шындық пен дін шариғат-имандылықтың аяқасты болуы, ішітарлық пен өсек-өтірік өршіп, ниет-пиғылдың азуы, елдің әкімді, жастың көріні сыйламауы қатты ойландырады. Патша әкіметі ықпалымен өзгерген дәуірде ақылы шолақ әкімнің, «алхамды» шала білген дүмше молданың пайда болуы, көрсекзызар қызылшылдардың жат әдет-дағдыға орынсыз еліткеуі ақынға жат көрінеді.

...Тар шалбар бешпет шықты қынамалы,  
Жігітке шапан киген ұнамады.  
...Төсектен ерте турып бас ауырса,  
Бөтен ем шәйдан басқа сурамады.  
...Сөйледің екі түрлі тілінде, адам,  
Тілі екеудің діні екеу деген сөз бар,  
Андамай бұзып алма дінінді, адам! —

деген жолдар бұрын Эбубекірдің жағалықка қарсылығы тұрғысында түсіндіріліп келді. Ал, шындығында осындаған жеңіл еліктеу, жарамсыз қылықтар түбінде халқымыздың қанына сіңген әдел-ибасын, салт-дағдысын бұзатындығын сезініп, ақын қызғыш құстай шырқырап, жан даусымен жар сала білді.

Қарсақ табан, мысық бас  
Не азғындар жетілді.  
Сан тимеген жамандар  
Лактай басқа секірді.  
Алмастай асыл жандарым  
Өз-өзінен кетілді,

## Қадір білмес жаманға Күні түсіп өтінді...

Замана бел-белесінде тек сыртқы түрі ғана емес, кіслігі, парасаты кем тоғышар пендeler мал, дәулет, ақша-қаражат күшімен не туыс-жеккеттық қолдау арқасында билікке не болып, аспанға қарайтын, елдің алеуметтік өміріне іріткі салатын кездері болады. Әбубекір осындағы әділдік пен шындықтың даусы шықпай, бұра тарту көбейіп, бұзықтық жол алған заман халіне ашу-ызамен шамырқана сөйлейді. Өмір, заман, адам, мінез-құлық сырларын ағытып, ақтық, адалдық жолға үндеген өлең, толғауларын оқығанда Әбубекір айтпаған мәселе қалмағандай.

Әбубекірдің аңсағаны құдайын есінен шығармаған әділет-актық пен иманды-инабаттылық, жасы үлкені мен әкімін тыңдаған, қулық-сұмдық, озбырлық, арсыздық балаламаған тыныш та дарқан, бағзы қазақы өмір. «Қазағым» атты өлеңінде халқымыздың бүрынғы бақыт, берекесі мен кең пейіл, ақ көңіл — адалдығын, елдің мен ерлігін тебірене жырлауы да сондықтан.

Әбубекірдің бірер өлеңі Бұқар, Шал, Ақтан, т. б. ақындар сиякты саты-саты адам өмірін суреттеу дәстүрінде. Әрине, өзінше бейнелейді. Бұл — ақынның халық көңіліне ұнаған, ел арасына ең көп тараған шығармаларының бірі.

Ақын бірқатар өлең, толғауларында оқу, өнерді, дін-шариғатты, ғылымды, азаматтық-кіслікті, жақсы мінез, жарастықты әдет-ғұрыпты насиҳаттады. Өмірдегі жақсылы-жаманды әртүрлі күбылысты, мінез-дағдыны салыстыра отырып, имандылық жолды уағыздайды. Ол орышда да, мұсылманша да окудың ешқайсысын жатсынбайды, жас қауымның өнерлі, білімді, инабатты болуын қалайды. Бірақ, өз дағдынан жаңылып, әдет-ибанды ұмытып кетпе, сенім-нанымынды жоғалтып алмадейді. Бұл тұста ол XX ғасыр бас кезіндегі F. Қарашев сиякты бірқатар ақындармен үндес келеді.

Әбубекір «Ногай халқына насиҳат қылып айтқаны» өлеңінде өз халқының арын арлап, мұддесін қорғаушы аузы дуалы азамат ақын ретінде танылады. Туыс халықтардың бағзы бір-

лігін, тату тіршілігін қалап, көңіл жарапалайтын жағымсыз сөзге үйір жәңіл ауыздыларды сыпайы сынаи біледі.

Ақынның Орскіде тұратын Сары Ахмет (Ахметжан) баласы Нығметжанға, онын Әбубекірге жазған хаттары шығыс шайырлары үлгісінде. Әрине, екі хатты да Әбубекір өлеңге айналдырып өзі жазған болуы керек. Бұл хаттарда айттылатын мәселе — Әбубекір шығармаларын бастыру; хат иелерінің бір-бірін қадір тұтып сыйлайтындығы. Осы сыйластық нәтижесінде ақынның «Әдебиет қазакия» атты шығармалар жинағы 1902, 1905 жылдары Қазан қаласында екі дүркін жарияланған.

Қазан төңкерісіне дейін Қазан, Уфа, Орынбор қалаларынан халқымыздың көптеген әдеби-рухани мұралары жарық көргені белгілі. Бұл істегі татар, башқұрт туысқандардың ерекше еңбегін атап айтқан жөн. Әбубекір жинағының екі басылымы — осындай игілікті, ағайындық көмектің көрінісі. Ал, сол кезде шыққан кітаптардағы өзгеріп, татаршыланып кеткен, түсіп қалған сөз, сөйлемдерді айтсақ, ол аталаған биік адамгершілік ахуалдарды мансұқ еткендік емес. Бұл сол дәуірдегі нақты іс халын көрсетуға.

Әбубекірдің бірқатар өлең, толғаулары — арнаулар. Ақын арнаулары әрқиыл адамдарға: билерге, саудагерге, насыбайшыға, дәрекі, жалқау қызметкерге, инабатты һәм инабатсыз адамдарға, ұрыға, үйіне қондырмаған қызға, такаббар сұлу келіншеке надан сопыларға, сараң байларға, менмен әкімге арналады. Әрине, ақынның көлтеген уағыз, насиҳаттары барша халыққа бағышталғаны белгілі. Өснег-үгіт, әзіл-оспақ, сынсықақ, әшкерлеп тілдеу ретінде келетін бұл өлең, толғаула-рында ақын адам бойындағы жағымсыз қылықтарды нақты көрсете отырып, кіслік-адамгершілік жолды нұсқайды. Халықтық ізгі әдет-ғұрыпқа, имандылыққа тәрбиелеуде бұл өлеңдердің мәні аса зор. Және ел іші, дүйім жүртшылық мүндай шығармаларды ықыласпен тыңдайды, өздері өмірде күн сайын кездесіп жүрген үқсас жәйларды сынап, әшкерелеуде өте қажетті рухани құрал етіп айтып отырады.

Ақынның табын Досжан хазіретке арнауы — бағзы жок-гаулар сарынында. Кезінде көзі көрген жайларды тебірене

ескे алу ретіндегі өлең-ессе сипатын да танытады. Мұнда кез келген оқушы біле бермейтін бірқатар деректер бар. Табының Шөміш аталығындағы Қашақ молла дәстүрін баласы Досжан хазіреттің жалғастыруы, оның үш рет Қарбаға барып, «Такия» атты қонақжай салдырып, Қапатбай дейтін кісіге тапсырып кетуін ақынның осы өлеңі ғана мәлім етіп отыр.

Қазан тәңкерісіне дейін қазақ елінің қай өңірінен де хажыға барушылар аз болмаған. Олар медресе, мешіттер салдырып, халықты ағартуға елеулі үлес қосқан. Бірак, бұрын Мекке, Мединеден өзге хажылар салдырыған қонақүйлер айтылғанмен, Досжан қонақжайы белгісіз еді. Өлеңдегі мәліметтерге қарағанда дін-шаригат, инабаттылық жолын берік үстеган Досжан хазірет ілкіде елдегі мешітті Тасастау—Қайнар маңында Қарашиң деген жерден салдырыған. Бірак, 1868 жылғы патша өкіметінің «жана низамынан» кейін Ойыл бойындағы Шилісуға (Шилісайға) қоныстануға мәжбүр болады. Сол жерден Бірман ұста басшылығымен сәүлетті мешіт салдырып, айналасына саялық жеміс ағаштарын өсіреді. Досжан дүние салғасын, оның жолын баласы Махмұт ишан жалғастырған. Қіші күз — Алишын ішінде дін жолында айрықша аты шыққандар осы Досжан, Нұрпеке ишандар скен. Демек, бұл өлеңнің ел тарихындағы елеулі оқиғаларды білдіретін танымдық мәні зор.

Әбубекірдің үш айтысы бар. Екеуі кітаптарында жарияланған, айтыс жинақтарына енген. Екеуі де — жазбаша түрдегі сұрақ-жауап ретіндегі жұмбак айтыстар. Солардың бірі — Әбубекірдің атақты Қарақалпақ ақыны Құлымбетпен айтысы. Құлымбет сырттай даңқын естітін Әбубекірге тама Ізім шайыр арқылы өлеңмен сәлем хат жолдайды, өзін таныстырады. Хаты сыпайы, сыйластық қалыпта. Сөз түйіні — «қандай түрлі сана бар? Бізге жазып жіберің, сөзін жүртты араптар» деп өзі айтқандай, ел айтып жүретін өлеңдер жолдауын қалайды. Айтулы ақындар арасындағы мұндай сөздер кейін халық есінде қалады, осындағы дәстүр Қазақстан, Орта Азия шайырларында бұрыннан бар.

Сыйластық сәлем соңында Әбубекірдің Құлымбетке жол-

даған сұрақтары: Қарақалпақтың тегі; Ҳорезм айналасының ел-жүргі; Әнестен арғы-бергі аталар: ауған, тәжік, сарт, түрікмен нәсілдері; жеті ықлым шаһар, дариялар; төрт бөлім жер парасы; алты алаштың кім екендігі; мұның бәрі де іргелі, ірі сұрақтар. Мұндай мәселелерге жауап беру үшін ақынның ауызша, естіміш білімімен қатар әр түрлі ғылым жүйесімен айта қалғандай хабары болуы керектігі белгілі. Құлымбет те өз шама-шарқынша жаң-жақты жауап жолдаған. Бірак, Әбу-бәкірдің соңғы хатына қарағанда Құлымбет қойылған сұрақтарға дәл жауап қайтара алмаса керек. „Әбу-бәкір“ Құлымбет жауабын түзете отырып, өзі толық шешімін айтады. Бұған қарағанда ақынның шығыс елдерінің жағрапия, дін-шарифат жүйесінен мол хабардар екендігі аңғарылады.

Екіншісі — Әлім Қожахметпен айтысы. Қожахмет жолдаған жеті жұмбақтың жетуіне де Әбу-бәкір орынды, орнықты жауап береді. Біздің қазак әуелі сұңқар деп үғынған қара құс — патша, патша әкіметінің озбыр ояздары; соны дос көрген қара құл — жарамсақ әкімдер; Еділ бойындағы мың дария — патша әкіметі салдырган бекініс-қалалар; Ең абзалы — қазақ елі сауда-саттық жасайтын Орынбор қаласы; сары сабазда бір сарай-сауда айырбасы сарайы; іші толған қызы — қазына, мұлік; көзі өткір, көңілі тар маклұқ — күзетші ит; жер үстіндегі мың айдаң арасында жүретін күміс қанатты құмай — почта; Петрбор мен Бұқар арасындағы екі адамды сейлестіретін куағаш — телеграф ағашы; Міне, айтыс мазмұны осындай.

Сөз жок, Құлымбет сұрағынан да, Әбу-бәкір жауабына да анық аңғарылатын бір сыр — екі ақынның да патша әкіметі озбырлығына жиіркенішпен қарауы. Айтыстағы барлық сұрақ, жауаптар да ақындық талқырлық күсіндей сезіледі.

Әбу-бәкірдің Ноғай ақыны Нұрыммен айтысы бұрын баспа жүзін көрмеген, тек ел аузындаған айтылып жүрген. Екі ақын Жетіру елінің ауқатты адамы Мырзалының үйінде кездеседі. Мырзалы той жасамақ болып, Қазақай баласы Ноғай Нұрымды алдыrsa керек. Нұрымның Әбу-бәкірмен айтыспақ ойы барын Әбу-бәкір де, Мырзалы да сезеді. Тойда шәй үстінде Әбу-бәкір: «Мырзеке, мынауың кім қылтиған, орысша кім

киіп тыртиған» деп қағытып өтеді. Нұрым сөзді бастай женеледі. Нұрым ногай атынан, қала-шәһәр шайыры ретінде, Әбубекір қазак атынан, дала ақыны ретінде сайысқандай. Тілге тиек болатын қала, даланың мін-мұлтіктері, кемшілік-жетіспес жағдайлары, діп-шаригат жәйы.

Айтыстағы сөздеріне қарағанда Ноғай Нұрым да мықты ақын ретінде танылады. Алайда, Әбубекір аршыны, білімді, қарсы шабуыл-сайыста дес бермейтін нағыз дүлдүлдің өзіндегі сезіледі.

Әбубекір мен Ноғай Нұрымның бұл айтысы тұтқылдан болған ауызша ақындық сайыс сияқты. Ақындардың бағзы дәстүрінше кейін қағазға түсірген болар. Себебі, бұл айтыста қолма-қол сайыска тон қисық-қызырлау, өктем-өпіремдеу, ашу-ызылдау, қатқылдау сөздер мол кездеседі.

Ауызша сайыссын, жазбаша сөз жарыстырысын, бәрібір Әбубекір үш айтыста да «қарсыластарына» қарағанда иғы жоғары, сөз уытты, білімі мол ақын ретінде басым түсіп отырады.

Әбубекірдің дін тарихынан, пайғамбарлар қауымынан, ата-тек шежіресінен ауызша, жазбаша мол білімін ацгартатын шығармалары — шежіре өлең, жырлары. Бірі — 7—8 буынды жыр үлгісінде, екіншісі — 11 буынды қара өлең түрінде жазылған. Бұлардың көркемдік қисын, өлендік өрнегінен гөрі танымдық мәні зор.

\* \* \*

Әбубекірдің алғашқы жинағы шыққанына тоқсан жылға таялды. Кітапқа енгені бар, енбегені бар ақын шығармалары біреуден біреуге көшіп әрқалай айтушыға кездесті. Сөз қадірін білетін ойы сергек, жады жақсы жыршылар ақын шығармаларының бағзы мазмұн, көркін бұзбай жас үрпақ — жана қауымға жарастықты қүйінде ұластырып отырса, олақ айтушылар «жібекті түте алмаган жүн қыладының» керін кигізді. Сөйтіп, ақын шығармаларының сөз, сөйлемдері өзгеріске ұшырады, әртүрлі нұсқалары көбейді, бұлдыр, түсінкісіз тіркестер

Молайды. Мұндай сипаттар тек ауызша тараған өлең, толғаулардаған емес, ақының көзі тірісінде өзі жолдал, Нығметжан бастырган жинактарда да кездеседі. Әріп теруші татар туыстар өздері түсінбейтін сөздерге онша мән бермей қате күйінде жіберген. Бірқатар сөздер татарша басылған, жалғау, жүрнақтары түсіп қалған. Мұндай жағдайлар Әбубекір шығармаларын тосыннан оқыған адамға оны алақолдау ақын көрсетуі мүмкін. Кезінде уақыт ыңғайына қарай жазылған аталған зерттеуінде М. Әуезовтің «... кейде олақ тілмен айтса, кейде оқта-текте тауып айтып қалатыны болады» деуі кітабындағы шығармалардың қыскарып, татаршаланып, түсіп қалып, буын, бунағы жетпей жүдеушілік көруінен болар. Әйтпесе, Әбубекір М. Әуезовтің өзі айтқандай: «...өлеңінде заман жәйінің көп ерекшелігі саналып, тергеліп өткен» «...ел ішінде даңқты ақын болған». Ф. Ахмедов: «Әбубекір атағы осы күнге дейін ел аузынан қалмай келсі, көп өлеңдерін, нақыл сөздерін, әзіл-оспақтарын біраз жүрт жатқа біледі» деп орынды айтады.

Би болмас белін жалпақ буғанменен,  
Ағармас асылы арам жуғанменен,  
Байқасаң ажар басқа, ақыл басқа,  
Пайда жоқ құр әдемі туганменен;

немесе:

Мың қарға залал қылмас бір сұнқарға,  
Он жабы сатсан жетпес бір тұлпарға;

Бұл — бағзы заманнан келе жатқан өмір шындығы. Баба жырлаулар дәстүрінде байыптаса да өзінше өрнектейді.

Әбубекір жазбаша шайыр болса да, өзіне дейінгі ақпа ақын, жырлаулар өнегесінен аулақ кетпейді. Ғасырлар бойы қалыптастып, халық көңіліне үйреншікті, ұғымына қонымды өлеңдік әдістерді мол қолдана біледі. Ол ақыл-нақылға, шешендік толғаныс, тебіреністерге құрылатын толғауларында жол аяғында: болар, болғаны, болмас, болмаса, кім ашар, белгісі, секілді, емес, алмас, артық, соң, озды, аз, күн сияқты сөздерді қайталау арқылы өз ойын еркін жеткізе біледі. Сол толғауларында ақын әр істі талқыға салып тыңдаушымен ақылдасып,

шешіле сырласып отыргандай. Ол өмірден түйген-топшылаған алуан жәйларды ағыла толғап, оның шешім-түйінін де илан-дыра, дәлелдей отырып өзі айтады.

...Болмас бала құрысын,  
Болар бала жас болмас.  
...Ұры-кары жиылып  
Ұйытқылы ел болмас.

Әбубекір бірде осылайша өтпелі өмірдің өзекті өртер шындығын айтып тебіренсе, енді бірде «Дүние—теңіз, біз—шабак, ортасында шайқаған», «Замана деген—желмая, қалмасан, халқым, жақсы еді, желмаядан жығылып» деп келер күндердің кескініне қарап, алдағыны болжап абызша құніренеді. Онысы халықтың қамы, елдің тағдыры, үрпақ келешегі туралы терең тебіреніс еді.

Сәуірдің қара бұлты  
Жауарында ойнаған.  
Күннің түссе шұғыласы  
Кара жер балқып қайнаған.  
Жер жарылып, кек шығып,  
Жасыл шөптер жайнаған.  
Жазғытуры болғанда,  
Адам, пері, хайуанат  
Бірі қалмас пайдадан.  
Тірілмейді жалғыз-ақ  
Адамның сүйек, денесі  
Тар лахатты жайланаған.

Ақынның осы жолдарын оқығанда бір сәт ойланып қала-сыц. Оның себебі — бүкіл тіршілік оянып, табиғат әлемі жан-ғырып, жасаратын шақта, дүниеден өткен адам болмысының пәннідегі өзгерістерді сезінбеуі, оған мүмкіндігі жоқтығы. Өкінішті-ақ. Әбубекір бұл жерде дін-шариғат жолымен емес, не бір заттың екінші затқа айналып өзгеріп, өніп, өшіп отыратын табиғи заңдылықтар тұрғысында емес, жер басып журген қарапайым адамдардың ұғым, сезіміне сай суреттеген. Қалай болғанда да, ақын табиғат пен адам рухын шебер шенdestіру арқылы өмір, табиғат туралы ойлануға мәжбүр етеді.

Әбубәкір өмір құбылыстарын шайыр ретінде салмақты ой, сарабдал ақылмен ғана саралап отырмайды, кейде ақпа ақындар өнегесімен ақтарыла толғап шабытпен шалқы жырлайды.

...Алтынды жерге төктім үystаған,  
Ерліктен ғылым артық ту үстәған.  
Тап болдым он алтында бір мінезге  
Топ көрсем жеті мүшем құрыстаған.

немесе:

Дүбірлі туған тұлпардан  
Жоғары ұшты тозаңым.

«Мен болып Амудария ағар едім» деп өзі айтқандай, осы мысалдар Әбубәкірдің ақындық өрлігін де, кемел ой, кең тыныстылығын да танытады.

Әбубәкірдің өлең, толғауларында араб, парсы, түрік, орыс, татар сөздері кездеседі. Ақын оларды дүмше молда, надан қазилардың шаригат жолындағы білімсіздігін дәлелдейтіп яки әшкерелеп, түсіндіретін қажет жерлерде, не сұрақ-жауап ретінде келетін айтыстарында ғана қолданады. Шығармалары негізінен ұғымды, өрнекті, байырғы қазақ тілінде. Әбубәкірде кейір шайырлар сияқты аяқ басса сүрініп жатқан тіл шұбарлығы жоқ.

Корыта айтсақ, Әбубәкір — «тыңдаған азаматқа сөзім дәрі» деп өзі айтқандай, отршылдыққа ұшырап халық тағдыры талқыға түскен алмағайып заманының өзекті өртер күрделі мәселелерін батыл айтып, шебер жеткізе білген көрнекті ақын.

Қысаң жылдарда есімі қағажу көрген дүлдүл ақынының мұрасын жадынан шығармай, жиын-тойларда ардақтап айтумен келген қазақ елі бұл жинақты да қуана қарсы алары сөзсіз.

\* \* \*

Қазақ жерінің қай аймағында да тек ауызша айтылып, тоқсан жылдан бері дербес жинағы шықпай, кеңес кезеңінде діндар, зар заман ақыны атанип келген айтулы сөз зергері

Әбубәкір шығармаларын жинап, жариялауға, насихаттауға, қолжазба қорларына тапсыруға көптеген азаматтар атсалысқан: Олар: А. В. Васильев (1899), С. Сейсенов (1945), И. Ұйықбаев (1947), М. Құсниев (1950), К. Ыбыраев (1950), М. Бимағанбетов (1957), Т. Ауатанов (1960), О. Оңғарбаев (1964), С. Дәрісқалиев (1965), К. Бекпиязов (1965), М. Мшанов (1965), К. Шәменов (1965), К. Есжанов (1967), Ж. Куанышбаев (1991), Ж. Тұрмаганбетов (1991), К. Саттаров (1991) сияқты жинаушылар; М. Мағауин М. Бәйділдаев, Ф. Ахмедов, Н. Нұргожаұлы, Э. Қосанов сияқты ақын шығармаларын жариялаушы қаламгерлер; К. Қазмаганбетов, Р. Досова, Н. Тәжімбетов, Н. Ағниязов, М. Есенжолов, Б. Марханов, Б. Кемелов, Э. Өтегенов сияқты ақынды насихаттаушылар; Дүйсенбай, Нұрбаулы, Сәдуақас, Жолмағанбет, Мұхаммед, Җаңабай, Қабай, Балмұқан, Бапан, Асылбек, Жұмаш, Есбол, Боранбай Жакия, Мұхамеджан, Ахметбай сияқты ақынның өмірі мен ақындығына қатысты деректерді айтуды һәм өлең, толғауларын жаздыруышы жыршылар мен әдеби асыл қазыналарды жадында, яки қолында сактаушылар; сондай-ақ, Әбубәкір шығармаларын араб әрпінен бүгінгі жазуға түсіруге ыждағат еткен Хадиша Самиғұллина, Нұрдәulet Алдашев, Зуфар Сейітжанов, Рысбек Сарғожин, Мақсұт Шағиғов; Ақын мұраларын насихаттауға ерекше атсалысып жүрген халықаралық фольклорлық фестивалдардың жүлдегері, Ақтөбе педагогик институтының Кердери Әбубекір атындағы ән-жыр класының аға оқытушысы, жырши Бақтыгерей Сандыбаев; осы жинақты шығаруға қамқорлық жасап демеуші болып отырған — Қазақстан республикасының халық депутаты, Құлайберген Жұбанов атындағы Ақтөбе педагогик институтының ректоры, профессор Мұхтар Арынов.

Аталған азаматтардың қай-қайсысына да ел, халқы, ақын руха риза шығар. Оларға біз де алғыс айтамыз.

Қабиболла СЫДИҚОВ,  
филология ғылымының кандидаты,



# ӘЛЕҢ, ТОЛҒАЧЛАР

## ЖАРАНДАР, КЕҢЕС ЖАЗАЙЫН

Жарандар, кенес жазайын,  
Ушбу дәптер қағазға.  
Ақымаққа таяқ деген бар,  
Ақылы қысқа сабазға.  
Мұсылман болсаң — іждәт қыл,  
Иман, руза, намазға.  
Ағайын болсаң тату бол,  
Әуес болма аразға.  
Ғани болсаң мактанба,  
Көзінді сал малы азға.  
Ризық берер бір құдай,  
Жарлы болсаң тағы азба.

Жалғыз болып бай болсан,  
Дәүлетің болар туғаның.  
Жарлы болып көп болсан,  
Көп те болсаң сынғаның.  
Ізгілік етсең сөйлеме,  
Ысрал болар қылғаның.  
Жаста өнер білмесен,  
Өскениңде білмессін,  
Бәйтеректей майыспай,  
Қақырайып тұрғаның.  
Шақырып құрмет қылмаса,  
Қыдырып жүрме есікке,

Қыдырған себеп болмайды,  
Тәңірі жазған несіпке.  
Қонақ келсе сыртыңа  
Жүгіріп шық, кешікпе.  
Қырықтың бірі Қыдыр-ды,  
Дұғасы тиер нешік те.  
Құдайдан дәulet сұрасан,  
Харам қоспа кәсіпке.  
Дұшпанды жеңсөң, достық қыл,  
Женғен сайын өшікпе.  
Женілген жауға қатын ер,  
Өне бойы қорқытып,  
Тығамын деме тесікке.  
Өз көзіңмен көрмесең,  
Біреудің айтқан өсегін  
Шын екен деп есітпе.

Бұл заманда бір білік —  
Көрмегенге нанбаған.  
Екі достың арасын  
Айырады онбаған.  
Ақиқат өзі көрмесе,  
Тілге азбайды онды адам.  
Ақсақал болмас ауылға  
Өз алдына қонбаған.  
Ердің ері сол болар,  
Айтқан сөзден танбаған.  
Кейқұдалық қыла алмас,  
Өз туғанын қорлаған.  
Достық, қастық қолынан  
Екеуі де келе алмас  
Біреу айdap зорлаған.  
Балан әдеп біле алмас  
Сабак алмай молдадан.  
Би кенесі келіспес  
Үлгі көрмей ордадан.

Жауға алдырар жолдасын  
Өзінің басын қорғаған.  
Жақсы жолдас сол болар —  
Шашпай сырын жинаған.  
Жаман жолдас сол болар —  
Орынсыз жерде қинаған.  
Көршінің қофам болғаны —  
Ауылдың малын жинаған.  
Баланың асыл болғаны —  
Ата-анасын сыйлаған.  
Ер ынсапсыз болғаны —  
Жастағы жәңіл мінезін  
Қартайғанда тыймаған.  
Кайырсыз дәүлет сол болар —  
Өзіне өзі қимаған.  
Бұл сөзімді щет демес  
Ақылы артық милы адам.

Милы адамның белгісі —  
Сейлекенде «сен» демес,  
Сөзі шықпас шашауға.  
Болаты қайтар жүзінің  
Балта үрма қашауға.  
Негізі жаман жасыкты  
Қайтадан болмас жасауға.  
Біліксізді үйрету —  
Салғандай күрық асауға.  
Асылдың ізде нәсілін  
Басыңды әуел қосарға.  
Ер асылын таба алмай,  
Басыңды коссан өсалға,  
Бір күні саған іс түссе,  
Жөнін таппас қашарға.  
Көптің болса құрмасы —  
Жалғыз шығып қасарма.